Бөлім:	6.1VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы
Күні:	22.09.2026 (6А) 25.09.2026 (6І)
Сынып: 6 А, 6І	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Атлах шайқасы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын «халықтар шайқасы» деп атайды?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
Сабақтың мақсаты	Барлығы: қарлұқтардың VIII ғасырдың бірінші жартысында Жетісу аумағына қоныс аудару себептерін түсіндіреді; Қарлұқ мемлекетінің құрылу себептері мен ерекшеліктерін ажыратады; Көпшілігі: қарлұқ кезеңінде – мемлекет ерекшеліктері және оның 200 жылдық өркендеу себептерін анықтайды;; Кейбірі: Жетісудағы тайпалардың әзараәрекет етуінің негізгі белгілерін талдайды
Құндылықтар	Енбеккорлық және кәсіби біліктілік
Апта дәйексөзі:	Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай)

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	Оқушылардан өміріндегі немесе жанұясындағы ең маңызды оқиға туралы сұраңыз.Мысалы: ол оның жеке өміріндегі, қала немесе мемлекет көлеміндегі маңызды оқиға болуы да мүмкін.Бір- екі оқушының пікірін тыңдап көріңіз(олар өзінің жеке өміріндегі маңызды оқиға туралы айтуы мүмкін). Тарихи маңыздылықтың критерийлерін көрсетіңіз: Ерекше, атақты? Есте қалатын?Айрықша, мәнді? Жаңғырық? Нәтижелі? Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу	мадақтау	Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	Мәтінмен жұмыс Атлах шайқасының маңыздылығы жазылғанкарточкаларды ұсыныңыз (В. Бартольд зерттеулері бойынша). Атлах шайқасы туралы қытайтарихшылары оқиғаның қалай болғанын жазып алды.	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар

10 минут 5 минут 10 минут	Қазіргі кездегі түркі тілдес халықтар (мысалы қазақтар) Атлах шайқасын ұлы жеңістерінің бірі деп санайды. Тан империясы 751 ж. Атлах шайқасынан кейін ұзақ уақыт шабуылдарын жалғастырды. Атлах шайқасына қарамастан арабтар мен қытайлықтар бір – бірімен қарым – қатынасты жалғастырды. Атлах шайқасында түркі әскері арабтарды қолдады. Атлах шайқасы Орта Азияға ислам дінін таратуға бірден бір жолы болды (Қазақстанды қоса алғанда) түркі халықтардың көбісі ислам дінін соңына дейін қабылдаған жоқ, өйткені арабтар Атлах шайқасында жеңіске жеткен еді. Соңында Қытай Орта Азияны жаулап алуды тоқтатты. Араб күші Атлах шайқасында қытайлықтардың қағаз жасаушыларын тұтқынға алып, бүкіл араб әлеміне тарата бастады. Атлах шайқасынан кейін қытайлықтар Жетісуды біржолата тастап кетуге мәжбүр болды. Орта Азия халықтары Атлах шайқасынан бұрын қағазды пайдаланып келген еді. Атлах шайқасы Орта Азия халықтарына түркі әскерінің күштілігін, шеберлігін көрсетуге ықпал етті. Араб жазбалары Атлах шайқасына көп көңіл бөлмей жазды, өйткені сол сәтте бұл оқиғадан гөрі өзге маңыздырақ оқиғалар болған еді. Әр оқушыға флипчарт таратып, оны бес бағанға бөліп, Атлах шайқасының маңыздылығы туралы жазылған карточкалардыкритерийлерге сай орналастырылуын бақылаңыз. <table><tr><td>Ерекше, атақты</td><td>Есте қалатын</td><td>Айрықша,мәнді?</td><td>Жаңа лық</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады. Талқылап болғаннан кейін топтастырғандарын түсіндіреді.3-топбір топқақонаққа барады.Егер басқа топтарда өзгешелік болса, олар	Құндылықтар: Атлах шайқасының маңыздылығын критерийлерге сай топтастырады және тарихи маңызы туралы қорытынды жасайды. Дескрипторлар: Атлах шайқасының маңыздылығын «ерекше, атақты» критерийіне сай түсіндіреді; Шайқастың маңыздылығын «есте қалатын» критерийі бойынша сипаттайды; Шайқастың маңыздылығын «айрықша, мәнді» критерий бойынша дәлелдейді; «Нәтижелі» критерийі бойынша Атлах шайқасының маңыздылығын түсіндіреді. ЕБҚ оқушы (есту, көру, ойлау қабілеті) тапсырманы саралау арқылы орындайды.	отырады «Ең үздік жауап» «Алақан-жұдырық» «Жұлдызшалар» Мұғалімнің кері байланысы (сабаққа ең белсенді қатысқан оқушыға «тарихтың білгірі» деген атақ береді)	Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта Тарихи маңыздылықтың критерийлері Атлах шайқасының маңыздылығы жазылған карточкалар ҚБ парағы

	өз өзгерістерімен бөліседі.Сұрақтар қойып, жауап береді.			
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Атлах шайқасы.			